



№25
(2663)

Рауан

БЕЙНЕУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

5 шілде 2022 жыл

Газет 1985 жылдың 1 шілдесінен шыға бастады

rauan_r@inbox.ru

mangystaumedиа.kz



Құрметті жерлестер!

Баршаңызды елдігіміз бен тұтастығымыздың бейнесі, бас қаламыз Астана күні мерекесімен құттықтаймын!

Астана – еліміздің еселі дамуының жемісі. Ел үшін қиын кезеңдерде бой көтеріп бастаған бас қала аз уақыт ішінде мемлекетіміздің шынайы мақтанышына айналды. Астананың дамуы өзге қалаларға серпін беріп, сенімділік ұялатты. Ұлт мұратымен астасқан қаламыз озық сәулет үлгілерімен сәні мен салтанаты жарасып, Сарыарқаның төрінде қарыштап дамуда.

Бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласы – әлемдік деңгейдегі саяси, экономикалық және мәдени өмірдің алаңы. Бұл Елорданың халықаралық беделі арта түскенін айғақтайды. Ару астана еліміздің барлық өңірлері мен қазақстандықтар үшін үлгі-өнеге болып өркендеп, гүлдене берсін! Халқымыздың баянды бірлігі, ұйыған татулығы жасасын!

Ардақты ауылдастар! Қадірлі жамағат!

Баршаңызды қасиетті Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Дәстүріміз бен дініміздің ең атаулы мерекесі Құрбан айттың күллі мұсылман әлемінде орны ерекше. Рухани құндылықтарымыз бен тарихи танымымызды айшықтайтын бұл мереке елімізді татулық пен ынтымаққа, сыйластық пен береке-бірлікке үндейді. Иmandылық пен мейірбандыққа жол бастап, Жаратушы иемізге бір табан жақындайды.

Тілегіміз бен ниетіміз бір болса, мақсатқа да жетеміз. Ауызбіршілік пен адамгершілікке бастайтын мерекенің мән-мағынасы да осында. Сонымен бірге, ізгілік пен жомарттық көрініс тапқан Құрбан айт мерекесі жүректерге үміт ұялатып, көңілдерді тыныштандырады және қоғамның рухани адамгершілік негізін нығайтады.

Мереке қарсаңында әр шаңыраққа құт-береке тілеймін! Халқымыздың амандығы үшін шалған құрбандықтарыңыз қабыл болып, баршамызға жақсылық әкелсін! Еліміз бен жерімізге Қыдыр дарып, қасиетті қазақ жерінің болашағы жарқын болғай!

Құрметпен, аудан әкімі Б.ӘБИЛОВ.

•Тұжырымдама аясында

Тұрғындармен кездесу

Жақында аудан әкімі Б.Әбілов Сам, Ноғайты, Тұрыш ауылдарының тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары денсаулық сақтау саласына байланысты, әлеуметтік көмек жөнінде, жұмыссыздық мәселесі бойынша сұрақтар қозғады. Сонымен қатар Сам ауылына жаңа мектеп салу жөнінде ұсыныстар айтылып, Тұрыш ауы-

лында тұтынушылардың ток, су, газ қызметі үшін коммуналдық төлемдерді уақытында төлемей жүргені туралы мәселе талқыланды. Қойылған сұрақтарға тиісті мамандар жауап берді. Жиын барысында аудан әкімі Б.Әбілов алдағы уақытта тұрғындармен жиі кездесулер болатынын, сұрақтар, ұсыныстар ескерусіз қалмайтынын айтты.

Қоғамдық қабылдау

Өткен аптада аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының ғимаратында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті жанындағы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөнінде ведомствоаралық жұмыс тобының мүшесі Т.Джолышов пен Бейнеу аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қ.Назархановтың қатысуымен қоғамдық қабылдау өтті.

Ауданда еңбек шарты негізінде жұмыс істеуге келген мигранттарға рұқсаттар беру және ұзарту мәселесіне байланысты көрсетілетін мемлекет-



тік қызмет бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді. Онда аудан тұрғындарына аталған қызмет бойынша кеңестер айтылып, сұрақтарға жауап берілді.

•Президент тапсырмасына орай

Ауыз сумен қамту жобалары

30-маусымда қоғамдық коммуникациялар орталығында өткен брифингте Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев өңірдегі ауыз су тапшылығын шешу бағытында қабылдап жатқан шараларға тоқталды.

Нұрлан Асқарұлының айтуынша, Маңғыстауда ауыз су тапшылығын кезең-кезеңімен шешу үшін 2025 жылға дейін қуаты 286 мың текше метр болатын 9 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Жуырда солардың бірін іске асыру шеңберінде Қаражанбас кен орнында тәулігіне 17 мың текше метр су тұтыту зауыты іске қосылады. Нәтижесінде «Астрахань – Маңғыстау» су құбырына босаған 10 мың текше метр ауыз су Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Жетібай ауылдары тұрғындарының игілігіне қолданылады.

Сондай-ақ, «Каспий» су тұтыту зауытының қуатын 40 мың текше метрге дейін жеткізудің екінші кезеңі жүргізілуде. Осы жазда 5000 текше метр су тұтыту қондырғысы қолданысқа беріледі. Жеке инвестор есебінен Ақтау қаласында 20 мың текше метр су тұтыту қондырғысының құрылысы жүргізілуде. Бұған қоса, биыл «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» компаниясы аумағында өнімділігі тәулігіне 24 мың текше метр және Форт-Шевченко қаласында тәулігіне 5 мың текше метр су тұтыту қондырғыларын салу жұмыстары басталады.



«Президенттің 2022 жылға дейін 12 ауылды орталықтандырылған сумен жабдықтау тапсырмасына сай қазіргі таңда Бекі және Басқұдық ауылдарын орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жұмыстары аяқталып, іске қосылуда. Қалған 10 ауыл жыл соңына дейін қамтылады. Нәтижесінде елді мекендерді орталықтандырылған ауыз сумен қамтуды биыл 96%-дан 100%-ға дейін жеткіземіз», - деді Нұрлан Ноғаев.

•«Еңбек» бағдарламасы аясында

Кәсіпкерлер жәрмеңкесі

Биыл жұмыспен қамту орталығының құрылғанына 11 жыл толып отыр. Осыған орай 1-шілде күні "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы аясында 100, 200 АЕК көлемінде қайтарымсыз мемлекеттік грант алып, өз кәсібін ашқан жеке кәсіпкерлердің қатысуымен жәрмеңке өтті.

2011 жылдың 1-шілдесінде ауданымызда алғаш рет жұмыспен қамту орталығы салтанатты түрде ашылып, өз жұмысын бастаған болатын. Содан бері бұл

орталық аудан тұрғындарын жұмыспен қамтуда, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жолында келелі жұмыстар атқарып келеді. Ашылған жылы орталық арқылы 45 азамат тұрақты жұмысқа орналасса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 1410 азаматқа көбейіп отыр.

Сонымен қатар жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант 2018 жылы 5 адамға, 2019 жылы 96 адамға, 2020 жылы 102 адамға, 2021 жылы 11 адамға берілді. Өткен жәрмеңке осы алған гранттардың жемісінің көрінісі болды.

Жәрмеңкенің ашылуында аудан әкімі



Бейнеубек Әбілов сөз сөйлеп, жәрмеңкеге қатысушы кәсіпкерлердің еңбектеріне мол табыс тіледі және жұмыспен қамту орталығының қызметкерлерін мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар аудан әкімінің орынбасары Рахымжан Шалбаев және аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қанағат Назарханов сөз сөйлеп, сала мамандарын құттықтап, ұжымда белсенділік танытып, үздік еңбек еткен қызметкерлерге алғыс хат табыстады.

Жәрмеңкеде жиналған жұрт жеке кәсіп иелерінің көрмесін тамашалап, өнімдерін сатып алды.

Бетті дайындаған С.АСҚАРОВА.

• Рухани жаңғыру

Қазағымның қазынасы - домбыра



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 1 шілде күні халқымыздың құнды мұраларының бірі - домбыра күнін атап өту дәстүрге айналғаны белгілі. Бұл бағытта ауданымызда көптеген игі шаралар іс жүзіне асырылуда.

Биыл Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің аудандық филиалында «Қазағымның қазынасы - домбыра!» атты мәдени-танымдық шара ұйымдастырылды. Оған өңірімізге танымал өнерпаздар Әлібек Зейноллаев, Дина Сагинова қатысып, ұлттық өнерге құмар

талантты жастарға домбыраның шығу тарихы, дәулескер күйшілердің мұралары жайлы әсерлі өңгіме тиегін ағытты. Мәдени-танымдық шараға қатысушы жас өнерпаздар музей экспозициясында тұрған домбыралардың түрлерін қызыға тамашалады.

Сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасап келе жатқан құнды мұра - домбыраны дәріптеуге арналған мәдени-танымдық шара талантты жастардың күмбірлете күй тартып, көңіл сергітетін бағдарламаға ұласты.

Ұлттық домбыра күніне арналған мәдени - танымдық шара ауданның көптеген еңбек және оқу орындарында, ауылдарында ұйымдастырылды.

Г.ШЫМБЕРГЕНҚЫЗЫ.

• Шара

Өткен аптада аудандағы екі колледжде бітіруші түлектерге арналған «Жолың болсын, жас маман!» атты салтанатты жиындар өтті.

Жолың болсын, жас маман!

Аталған шараларға аудан әкімінің орынбасары Р. Шалбаев, Бейнеу ауылының әкімі Р. Тайшыбаев, аудандық білім бөлімінің бас маманы Б. Демеуов қатысып, бітіруші түлектерге сәттілік тіледі. Сонымен қатар Бейнеу политехникалық колледжінде өткен шараға кәсіптік білім беру орны мен әлеуметтік әріптес мекемелердің бірі - вагондарға техникалық қызмет көрсету бөлімінің инженері К.Лукманов қатысып, түлектердің өздері таңдаған мамандық бойынша дағдылары мен шеберліктері маңызды екені туралы пікірін жеткізді.

Осы орайда айта кетейік, биыл екі колледжді екі жүзге жуық студент бітіріп отыр. Олардың арасында Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжін бітіруші түлектердің 5-еуі «Үздік диплом» иегері атанса, Бейнеу политехникалық колледжін студенттері арасында жұмысшы мамандығының мәртебесін арттыруды көздейтін WorldSkills чемпионатына белсене қатысып, республика мен облыстық жүлделі орындарды иеленушілер саны артып келеді. Колледжде өткен салтанатты шарада осын-



дай студенттер мен олардың жетекшілері қаржылай сыйлықтарға ие болып, марапатталды. Екі колледждің биылғы бітіруші түлектеріне WorldSkills талаптарына сәйкес демонстрациялық емтихан тапсырғанын растайтын Skills паспорттары табысталды. Аудандық жастар орталығының директоры С.Файыпбаев екі колледжде өткен шараларға арнайы барып, жастар саясатын дамыту шараларына белсенді қатысып жүрген студенттерді «Алғыс хаттармен»

марапаттады. Колледждерді бітірушілерге арналған шара барысында кәсіптік біліктілік деңгейін зерделеу рейтингі қорытындысында жоғары ұпай жинаған мұғалімдер кәсіподақ ұйымдарының қаржылай сыйлықтарын иеленді.

Қос колледж түлектерінің «Жолың болсын, жас маман!» атты салтанатты шараларында ақжарма тілектер ақтарылып, жастардың көңіл сергітетін өнерлерімен жалғасты.

С.ОРАҚҚЫЗЫ.

• Ырыс алды - ынтымақ

Ауылы бірдің - ауызы бір

Пір Бекет атаның табаны тиген киелі жер - берекелі Бейнеу тұрғындарының бүгінгі тіршіліктеріне шүкірлігі мол. Басқа байлығын айтпағанда, жер астының байлығы - ұлутастың өзі көптеген азаматтар мен жанұяларға күнелтіс көзіне айналып, елдің көптеген азаматтары содан нәпақасын алып отыр.

Мен жастарға ой салу үшін азғана өткен тарихқа үңілейін. Берекелі Бейнеудің топырағын 1961 жылы, институт бітірген жылы келіп басқан екенмін. Міне, содан бері 62 жыл өтіпті. Алғашқы еңбек жолымды Маңғыстау ауданының оқу бөлімі басшысының бұйрығы бойынша осы қыр үстіндегі Сам жеті жылдық мектебіне барып жұмыс жасаудан бастадым. Таушықтан Самға жүретін машина күтіп, бірнеше күн дегенде «автоклуб машинасы жүреді» дегенді естіп, соны іздедім. Таптым, машинаның астауы толы кино салынған темір жәшіктер, амал не соған отырып, 500 шақырым қашықтықтағы мектепке келдім, қасымда келіншегім бар. Кіре салатын дайын үй жоқ. Құм жағалауы жұмсақ, жер қазып, жер үй жасадық. Азаматтар көмектесіп, соны баспана еттік. Бір жылдан кейін барлық мұғалімдер «Тұрыш ауылынан «мектеп ашылады» деп сонда көштік.

Онда да үй жоқ. Айналаңа қарап, көмек сұрайтын мүмкіндік те жоқ. Кезінде Тұрыш ишан мекендеген жердің кереметтілігі сол - біржағы құм, бір жағы саз. Екеуін қосып илеп, кірпіш жасасаң үй салуға таптырмайтын нәрсе. Жұбайымыз екеуіміз 6 күнде 3000 кірпіш бастық. Содан азаматтардың көмегімен қабырға қалап, ортасын пештік кірпішпен бөліп, екі бөлмелі үй жасап, сонда 1971 жылға дейін өмір сүрдік. Ол кезде біздің санамызда тек бір ғана ой болды, ол - үкімет оқытты, білім берді, енді мен «халыққа қызмет етуім керек» деген ғана ұғым тұрды. Міне, солай еңбек еттік.

Жай-жайдан кемелдене бастадық. 1964 жылы Атырау-Маңғыстау темір жолы Бейнеу арқылы өтіп, жүк пойызы жүре бастады. Сол пойыздарға да амалсыз мініп, Атырау, Ақтау қалаларына бардық. 1966 жылдан бастап жолаушылар пойызы жүріп, қуанышымызда шек болған жоқ. 1973 жылы Бейнеу өз алдына отау тікті, адам баласы қуанышқа тоя ма? Сол жылдары бар болғаны Бейнеу басында 11000 халық болған. Халық келе бастады. Қандастарымыз, ағайын, туыстарымыз басқа республикалардан келіп, көбейдік. Менің шәкіртім Басшы Айжанәкүлі Бейнеу ауданын 20 жылдай басқарды, ол көшіп келушілерге қолдан келген бар жақсылықты жасады. Газ құбырын, электр желілерін тартып берді, кейін суды тұрбамен үйден алатын дәрежеге жеттік.

Бұл басталған игі істі аудан әкімі Бейнеубек бастаған азаматтар жалғастырып, 4-7 ауыл аралықтарына асфальт жолдар салғызды, әлі де салына бермек. Көгілдір экраннан әлемде табиғатта адам баласының өмір сүруін қиындататын өзгерістерді көріп жүрміз. Аллаға шүкір, біз аманбыз. Биылғы 2022 жыл қаңтар айынан бері өмірге 600 нәресте келіп, 600 отбасын қуанышқа бөледі, сол сияқты осы мерзім ішінде өрескел тәртіпсіздіктер, кісі өлтіру, зорлау, тонау сияқты келеңсіз қылықтар болған жоқ. Бұл - біздің ауылымыздың азаматтарының, жастарының саналы еңбек етуін, әсіресе жастар тәрбиесінің жолға қойылып келе жатқанының көрінісі.

Біз жастарға достықты, татулықты, сыйластықты, қимастықты, біріне-бірі қамқорлық жасауды айтып, үйретуіміз керек. Сонымен қатар ауыл басқарып отырған азаматтардың іс-қимылдарына, жасап жатырған еңбектеріне үнемі көмектесіп, қолдау көрсетіп отырсақ, біз бір ауылдың, берекелі ауылдың азаматтары боламыз. Сондықтан да мен «Бейнеуім - ырыс мекенім» деп айта аламын. Әрқашан да ауыз бірлігімізді сақтап, ынтымағы жарасқан ел болайық!

Фермебай ЕРЕЖЕПОВ,
ардагер ұстаз.

Комиссия құрамына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 19-бабына сәйкес Бейнеу аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бейнеу ауданы бойынша №127 учаскелік сайлау комиссиясының құрамына Боранқұл ауылы әкімінің сайлауын әзірлеу және өткізу кезеңі барысында мынадай өзгерістер енгізілсін:

1.1) №127 учаскелік сайлау комиссиясының құрамынан шығарылсын: Комиссия төрағасы Сияқ Айтбай Сияқұлы - өз етініші бойынша;

1.2) №127 учаскелік сайлау комиссиясының құрамына енгізілсін: Комиссия мүшесі етіп Мырзатаева Фариза Орынбасаровна - 1988 жылы туған, қазақ, білімі жоғары, «Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» КММ, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

1.3) №127 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Шойқараев Айдарбек Асқарұлы комиссия төрағасы болып өзгертілсін;

2. Қаулы учаскелік сайлау комиссиясына жолдансын;

3. Қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

А.КЕЛБЕТОВ

• **Құқық**

Қылмыстық процесс – жаңа форматта

Мемлекет басшысының 2020 жылдың 19 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданып, 2020 жылдың 31 желтоқсанында қолданысқа енгізілді.

Жаңа заңның негізінде қылмыстық процестің үш буынды моделі іске асырыла бастады.

Аталған модель бойынша полиция қылмысты ашып, қылмыс жасаған тұлғаны анықтап, дәлелдемелерді жинақтайды.

Прокурор жинақталған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беріп, азаматтардың құқықтарының бұзылуына тосқауыл қойып, азаматтардың қылмыстық процестің орбитасына заңсыз таралуына жол бермейді және сотта мемлекеттік айыпты қолдайды.

Ал, сот органы болса олардың әрекеттеріне қатысты түскен шағымдарды қарап, түпкілікті шешім қабылдайды.

қабылдайды.

Қылмыстық процестің үш буынды моделі – азаматтардың құқықтарының дер кезінде қорғалуын қамтамасыз етеді.

Жаңа заң негізінде прокуратура органының функционалдық міндеттері күшейтіліп, қылмыстық процестегі негізгі шешімдер прокурордың келісімімен және бекітуімен қабылданады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру құжаты бойынша күдікті деп тану, оның іс-әрекетін саралау, қайта саралау, тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы шешімдер прокурордың келісімімен жүзеге асырылатын болды.

Сонымен қатар, биылғы жылдан бастап прокурор аса ауыр қылмыстар бойынша айыптау актісін жасақтап, оны сотқа жолдауда. Ал 2024 жылдан бастап прокурор барлық қылмыстар бойынша айыптау актісін жасақтайтын болады. Бұл тергеп-тексеру барысында азаматтардың негізсіз және заңсыз қылмыстық жауапқа тартылмауының алдын алады.

Яғни қылмыстық процестің үш буынды моделі азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына септігін тигізіп, оның тиімділігін көрсетеді.

Бейнеу ауданының прокуратурасы.

Соңғы кезде жекелеген адамдардың алдану, еңбек және өзге де әлеуметтік мәселелер бойынша, әлеуметтік желілер, мессенджерлер арқылы халықты заңсыз митингке шақырулары жиілеп кетті.

Адамдардың өз бетінше жиналып, митинг немесе пикет жасаулары заңсыз

Митингілерді өткізу тәртібі «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңмен (бұдан әрі - заң) реттеледі.

Жиналыстарды, митингілерді және пикеттерді ұйымдастырушы оларды өткізу күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде әкімдікке хабарлама беру керек және ол үш жұмыс күні ішінде қаралады (10-бап).

Хабарламада бейбіт жиналыстың мақсаты, нысаны, өткізу орны, уақыты, өткізу регламенті, қатысушылардың болжамды саны, қаржыландыру көздері, құрылысжайлар орнату туралы мәлімет, плакат және өзге де көрнекі үгіттеу құралдарын пайдалану, ұйымдастырушылар мен қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапты адамдардың деректері көрсетіледі.

Бұл міндетті талаптар қатысушылардың өздерінің және басқа да азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Әкімдік тарапынан заң талаптарына сәй-

кес жауап болмаған жағдайда, ұйымдастырушы берілген хабарламаға сәйкес жиналысты өткізуге құқылы (11-бап).

Полиция заңға сәйкес заңсыздықтардың жолын кесу үшін құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстауға міндетті.

Егер заң бұзылса, митингіні ұйымдастырушы да, қатысушылар да Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 488-бабымен немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 400-бабымен жауапқа тартылады. Сол себепті арандатушылыққа жол бермей, заңды мүлтіксіз сақтауға және заңсыз митингілерге қатыспауға шақырамыз.

Прокуратура және басқа да құқық қорғау органдары заң бұзушылықты болдырмауға және қоғамдық тәртіпті бұзғандарға қарсы шаралар қабылдауға міндетті болғандықтан, мұндай заңсыздықтарға жол бермеу керектігін түсіндіреміз.

Бейнеу ауданының прокуратурасы.

• **Лебіз**



Шәкірттерін қияға самғатқан

Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, кемелденуі үшін тер төгіп жүрген ұстаздардың орны ерекше.

Мен үшін сондай ұстаздардың бірі, Бейнеу гимназиясының мұғалімі – Күнжақсы Жеткізенова. Ұл-қыздары гимназияда оқитын ата-аналар Күнжақсыны шәкірттерінің білімді, алғыр болып өсуі жолында өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан нағыз ұстаз деп таниды. Мен көпшіліктің бұл пікірін қостаймын.

Айтқалы отырғаным, аталған гимназияда оқитын қызым Амангүл

• **Маман кеңесі**

Ішек ауруынан сақтанайық!

Жаз айларында белең алатын аурулардың бірі - ішек инфекциясы. Ол бірінші кезекте ас қорыту жолын зақымдайтын жұқпалы аурулардың тобы. Оның пайда болуына негізінен микроағзалардың бактерия, вирус сынды түрлері себеп.



Инфекция көзі – науқас адам немесе жіті ішек инфекция қоздырғыштарының тасымалдаушысы. Микробтар науқастардан және тасымалдаушылардан нәжіс, құсық және зәр арқылы сыртқы ортаға бөлінеді. Жіті ішек инфекцияларын қабылдағыштық өте жоғары болғандықтан, ересек адамдар мен балалар, әсіресе, 1 жастан 7 жасқа дейінгі балалар ауруға жиі шалдығады.

Ауру негізінен нәжіс арқылы, тамақ, су және ортақ тұрмыс бұйымдарын қолдану арқылы жұғады. Қоздырғыштың ағзаға түскен кезінен бастап ауру белгілері пайда болғанға дейін бірнеше сағаттан 7 күнге дейін уақыт өтеді. Инфекция жұқтырғаннан кейін иммунитет 3-4 айдан 1 жылға дейін тұрақсыз болады, осыған байланысты аурудың қайталануы әбден мүмкін. Тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар аурудың берілу факторлары болып табылады, кейбір инфекцияларды жәндіктер (шыбындар, тарақандар) таратады. Сондай-ақ антисанитарлық жағдайлар, жеке гигиена ережелерін сақтамау, санитарлық ережелерді сақтамай дайындалған тамақ өнімдерін пайдалану да жіті ішек инфекцияларын жұқтыруға себеп.

Жіті ішек инфекцияларының алдын алу шаралары:

- Жеке гигиена ережелерін сақтау, тамақ ішердің алдында және дәретханадан шыққаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;
 - Су ішу үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;
 - Пайдаланудың алдында жеміс пен көкөністі жақсылап жуып, қайнаған сумен шаю;
 - Тамаққа термиялық өңдеуден өткен өнімдерді пайдалану. Тамақты ұзақ, тіпті тоңазытқыштың өзінде ұзақ сақтамау;
 - Тез бұзылатын тамақ өнімдерін тек салқын жерде сақтау, жарамдылық мерзімі өткен азық-түлікті пайдаланбау;
 - Шикі өнімдерді өңдеу үшін жеке ас үй жабдықтарын (пышақ және кесу тақтайлары) қолдану. Шикі өнімдерді дайын өнімдерден бөлек сақтау;
 - Тек арнайы белгіленген орындар да ғана шомылу. Су қоймаларында және бассейндерде шомылған кезде ауызға судың кетпеуін қадағалау;
 - Үйді, ауланы таза ұстау.
- Осылайша аурудың емін іздегенше, ауырмайтын жолын тауып, алдын алу сақтық шараларын біле жүрейік!

Н.КУСБАЕВА,
орталық аудандық аурухананың эпидемиологі.

Рысгул ТАДЖИХАНОВА,
ата-ана.

• Сақтық

Автокөлікте өрт болмасын десеңіз

Автокөліктердегі электр жабдықтарының бұзылуы, жанар-жағармай жүйесінің ақауы, салонда шылым шегу көлікте өрттің пайда болуына алып келеді. Өкінішке қарай, бірқатар көлік жүргізушілерінің мұндай жағдайларға салғырт қарауы автокөлікте өрттің пайда болуының басты себепшісі болып отыр.



Осындай салғырттықтың себебінен пайда болған өрт санаулы минут ішінде автокөлікті тұтастай от-жалынға орайтыны белгілі. Мұндай қолайсыз жағдайлардан сақтану үшін әрбір автокөлік жүргізушісі өртке қарсы төмендегі сақтық шараларын сақтауға салғырттық танытаулары жөн.

Автокөліктер уақытылы техникалық байқаудан өткізілуі керек. Көліктің жанар жағармай жүйесіне, электрсымдарға үнемі баса назар аударғаныңыз жөн. Көлігіңізде өрт сөндіргіш құрал қолжетімді орында тұрғаны дұрыс, бұл құрал көмірқышқылды өртсөндіргішпен толтырылған болса тіпті жақсы.

«Жаман айтпай жақсы жоқ» демекші, автокөлігіңізде аяқ астынан өрт қаупі байқалса, жүріп келе жат-

қан көлікті дереу тоқтатып, қолданбалы тежегішке қойып, аккумулятордың клемасын ажыратып тастаңыз. Капотты ашар кезде қолыңыз оқыстан күйіп қалмауы үшін шүберекті пайдаланыңыз. Көліктің есіктері мен терезелері ашық қалмасын. Сосын өрт сөндіргіш құралын жалынның пайда болған тұсына бағыттап, өрт сөндіргішті шашыңыз. Өрт сөндіретін құралыңыз болмаса, құм, су, қар, брезент секілді жанбайтын материалдарды пайдаланғаныңыз жөн. Егер өрттің пайда болуы жанар май құйылған бак жақта байқалса, қасыңыздағы адамдармен қауіпсіз жерге кеткеніңіз дұрыс болады,

себебі, мұндай жағдайда көлік кез келген сәтте жарылып кетуі мүмкін. Ең бастысы, көлікте өрт байқалған бойда осындай қажетті шараларды қолданып, сонымен қатар 101 немесе 112 телефон нөмірлері арқылы өрт сөндіру қызметіне шұғыл түрде хабарлауыңыз керек.

Ең бастысы, автокөлігіңізді өрт қаупінен сақтау үшін қауіпсіздік ережелерін мұқият орындап жүргеніңіз жөн.

З. АБЫЛАШОВ,
М.Габдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының 3-курс курсанты.

Дала өртінен сақ болайық!

Жазғы маусым басталды. Табиғи және техногенді сипаттағы орман және дала өрттерінің алдын алу мақсатында ауыл тұрғындары мен қонақтарының назарына мына жайттарды естеріне салып жүруді сұраймыз. Жазғы сауықтыру демалыс орындарында, ашық алаңда және белгіленбеген орындарда дала өрттерін болдырмау аясында жанғыш немесе тез тұтанғыш құралдарды, сол сияқты сұйық отындарды пайдаланбағаныңыз, егер қажеттілікке қарай пайдаланған кезде абай болғаныңыз дұрыс. Жағылған сіріңке талшықтарын немесе темекі шоқтарын кез келген жерге лақтырмай, оның толық сөнгеніне және далада өсіп тұрған өсімдік шөптерге тиіп, ары қарай өртке ұласпайтынына көз жеткізіңіз. Балаларыңыздың отпен ойнамауын әркез қадағалаңыз.



Енді жазық далаларда өрттің шығуының басты себептеріне тоқталайық. Жазда далада ойынның қызығына батып жүрген балалар

пайдаға аспай шығарып тастаған автокөлік дөңгелектерін өртеп қызықтайды. Автокөлік жүргізіп келе жатқан жүргізушілер және көліктегі

жолаушылар темекі тартып, оны сөндірместен сыртқа лақтырып жібереді. Сөндірілмеген темекі қурап тұрған шөпке түссе, өрт пайда болады.

Өрт - тілсіз жау. Адамдардың денсаулығы мен өміріне өте қауіпті. Сонымен қатар едәуір шығындар да орын алып жатады. Сондықтан барша азаматтарға өртті көрген жағдайда тез арада «101» немесе «112» телефондарына хабарлау керек екенін ескертеміз. Өрттің алдын алғанымыз жөн.

А.БАЗАРБАЕВ,
Бейнеу ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау капитаны.

• Алғыс

Жалғыз басты жандардың сүйеніші

Мен Орынай Кенжеғалиева 1941 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданында дүниеге келдім. Дәм-тұз айдап Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданына қоныс аудардым. Қазіргі таңда тағдыр тауқыметімен жалғызбасты қартпын.



Мен сияқты қарттардың ел қатарлы қалтқысыз өмір сүруіне қолғабыс етіп отырған аудан әкімдігінің «Бейнеу аудандық үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» мекемесінен және оның басшыларынан айналдым.

Орталықтың әлеуметтік қызметкері Рита Ақтамбаева алты-жеті жылдан бері аптасына екі рет үйіме келіп, қал-жағдайымнан хабар алып, үйімді жинап, коммуналдық төлемдерімді төлеуге, дәрігерлік қызмет алуға көмектесіп жүр. Бұл жағынан Рита қызыма дән ризамын. Өз міндеттерін осылайша тиянақты атқарып, мен секілді жалғыз басты жандарға сүйеніш болып жүрген әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызметкерлеріне алғысымыз шексіз.

Орынай КЕНЖЕҒАЛИЕВА,
ардагер ана.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Meerbusch» ЖШС төмендегі жобалар бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды:

– Құлжан кен орнындағы №№ 75, 91, 122 Ұңғымаларды жайластыру. Түзету",

– Құлжан кен орнындағы №№ 97, 110, 112 және 123 өндіру ұңғымаларын жайластыру. Түзету",

– "Құлжан кен орнындағы май және химреагенттер қоймасы".

– Құлжан кен орнында мұнай тапсыру пункті. Кеңейту".

– экологиялық бағалау материалдарымен (ШШН, ҚББ, ҚОББ, ІСЖ түзету) бірге.

Тыңдаулар 10.08.2022 ж. сағат 16.00-де өтеді.

Өтетін орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылының Мәдениет үйі. ZOOM платформасы:

<https://us05web.zoom.us/j/81212290633?pwd=dnZ0ZkNMZUJhbEdvUGZtN0RXUFFudz09>.

Конференция идентификаторы: 812 1229 0633. Кіру коды: 4ecEFK

Тапсырыс беруші: «Meerbusch» ЖШС, Ақтау қ-сы, 17 ш/а, 39 ғимарат, тел. 8 (7292) 20-20-21.

Жобаны әзірлеуші: «Эко-Эйр» ЖШС, ШҚО, Өскемен қ., Астана, 4, байланыс тел: +7 771 264 9820.

Жобалық құжаттаманы <https://ecportal.kz/> веб-сайттан табуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекен-жайы мен телефон нөмірі: ecoa@mail.kz, +7(7232) 492064».

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Meerbusch» сообщает о проведении общественных слушания по следующему проекту:

– «Обустройство скважин №№ 75, 91, 122 на месторождении Кульжан. Корректировка»,

– «Обустройство добывающих скважин №№ 97, 110, 112 и 123 на месторождении Кульжан. Корректировка»,

– «Склад масла и химреагентов на месторождении Кульжан»,

– «Пункт сдачи нефти месторождения Кульжан. Расширение».

– с материалами экологической оценки (корректировка НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ). Слушания состоятся 10.08.2022 года в 16.00 часов.

Место проведения: Мангистауская область, Бейнеуский район, с. Боранколь, Дом культуры. Платформа ZOOM:

<https://us05web.zoom.us/j/81212290633?pwd=dnZ0ZkNMZUJhbEdvUGZtN0RXUFFudz09>.

Идентификатор конференции: 812 1229 0633

Код доступа: 4ecEFK

Заказчик: ТОО «Эко-Эйр», г.Ақтау, 17 мкр., зд.39, тел. 8 (7292) 20-20-21;

Разработчик: ТОО «Эко-Эйр», ВКО, г.Усть-Каменогорск, Астана, 4. Конт.тел: +7 771 264 9820.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте: <https://ecportal.kz/>

Электронный адрес и номер телефона по которым можно получить дополнительную информацию: ecoa@mail.kz, +7(7232) 492064».

Меншік иесі:



Директор
Гүлмира ӘБИШЕВА

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 жылы есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.

Редактордың м.а. – Гүлнара ЖАЙЫҚОВА
Тіпші: Салтанат АСҚАРОВА

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн
орталығында беттелді

Беттеуші дизайнер – Э.Сейдахметова

«Neon City» ЖШС-нде
басылды.
130000, Ақтау қаласы,
23 ш/а, 1 ғимарат.
Тел: 8 7292 605-067;
605-064.
Тапсырыс: 265



- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 1763. Индекс: 65690
газет бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

5 шілде күндіз: +27 | түнде: +21

6 шілде күндіз: +25 | түнде: +18

7 шілде күндіз: +28 | түнде: +19

8 шілде күндіз: +32 | түнде: +25

9 шілде күндіз: +34 | түнде: +25